

**"Көктау селолық округінің көшелері мен құрылымдық бөліктеріне атау беру туралы"
2012 жылғы 1 маусымдағы № 9 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 20 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда № 4473 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Көктау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көктау селолық округі әкімінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 9 "Көктау селолық округінің көшелері мен құрылымдық бөліктеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-152 тіркелген, 2012 жылғы 26 шілдеде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде, атауында және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көктау ауылдық округінің әкімі

С.Бердалин